Нарықтар мен маржинализм

Дуайт Ли

Ойлануға арналған сұрақ: Шекті кіріс пен шекті шығынды теңестіре отырып, фирмалар өнімді және құндылықты барынша қалай арттырады?

Жеке істе үздік нәтижеге қол жеткізу үшін «шекті пайданы шекті шығынмен теңестіру» керек, яғни уақытты түрлі әрекеттерге жұмсалатын уақыттың шекті құны бірдей болатындай етіп бөлу керек. Шекті пайда мен шекті шығынды теңестіру маңызы жеке өмірін мейлінше тиімді ұйымдастырғысы келген адамға ғана емес, жалпы экономиканың өркендеуіне де аса қажет. Адамдар мен фирмалар нарықтық бағалар беретін ақпарат пен ынталандырулар арқылы өз мүдделерін ойлай отырып, экономиканың барлық секторында шекті пайда мен шекті шығынды ұдайы теңестіруге ұмтылады. Осы үдерісті талқылау нарықтық бағалар ынталандыратын өзара байланыс пен ынтымақтастықтан туындайтын артықшылықтарды айшықтай түседі.

Экономикада фирма саны көп, олардың әрқайсысы ең алдымен табысты арттыруды көздейді. Бірақ бір фирмада қабылданған шешімдер өзге фирмаларға әсер етеді. Мысалы, бір фирма көбірек өнім өндірсе, ол тапшы ресурстарды көбірек қолданады, сөйтіп өзге фирмалардың жұмысының өнімділігі төмендейді. Ең дұрысы, әрбір фирма экономиканың басқа жерінде балама құнын барынша азайтатын мөлшерде өнім өндіреді. Бұл идеалға жету үшін ауа-райы, ашылып жатқан ресурстар, елдердің жауласуы, өндірістік технологиялар және миллиондаған жұмысшы, ресурс иелері мен тұтынушылардың жеке жағдайы мен субъектив қалаулары сияқты жәйттер туралы өте көп мәлімет керек.

Бұл мәліметтің бәрін жинап, тұрақты түрде жаңартып, оны дұрыс қолдануға тіпті мемлекеттік органның да әлеуеті жетпейді. Бір жақсысы, бұл мәліметті нарықтық бағадан байқауға болады, фирманың ресурстарды сатып алған бағасы әлгі ресурстардың үздік баламасының шекті құнын көрсетеді. Осылайша әр фирма белгілі бір өндіріс шығынын барынша төмендететін ресурстар тіркесімін таңдауға мүдделі (мұндайда барлық ресурстардың әр долларға шаққандағы шекті өнімділігін теңестіру керек

болады[1]), сондай-ақ олар осы өнімді экономиканың өзге салаларында барынша аз шығынмен өндіретін кірістер тіркесімін таңдайды. Шекті пайда мен шекті шығынды теңестіру әр фирманың өзгелер үшін салған салымының құнын қадағалап отыратын әсерлі үйлестіру жұмысынан хабар береді.

Өндіріс пен шекті түзетулер

Алайда әр фирманың өндірісте тапшы ресурстарды мейілінше ұтымды пайдаланып, өнім өндіру құнын (шығынын) аса төменге түсіргені жеткілікті емес. Әр фирма өз өнімін ең төмен шығынмен шығарса да, бүкіл фирмалар өнімі жиынтығының шығыны тым көп болуы мүмкін. Мысалы, біз күн сайын әр американдық үшін аса төмен шығынмен бір реттік жөргектер шығара аламыз делік. Бұл жөргектердің тым көп болатыны анық, себебі олардың шекті шығыны (мейілінше аз болғанның өзінде) олардың шекті құнынан әлдеқайда көп болар еді, яғни бір жөргек шығару құны жөргектің бағасынан асып кетеді. Қолданылған ресурстардан құны жоғары тауарлар тіркесімін шығару үшін әр тауар ең төменгі шығынмен шығарылуымен қатар, әр тауар шекті құны шекті шығынымен теңесетін шамада ғана шығарылуы керек.

Тағы бір қайталап айтайын, шекті пайданы шекті шығынмен теңестіріп отыру барлық фирмалар өнімдерінің ең құнды тіркесімін түзеді. Әр фирма өзіне қажетті барлық мәліметті нарықтық бағаларды қадағалау арқылы таба алады. Фирма өнімінің бағасы оның шекті құнын көрсетсе, ал фирманың өндіріс шикізатының құны оның шекті шығындары арқылы анықталады. Мейілінше көп пайда табуды көздейтін фирма осы ақпаратты қолданғанда ең үлкен құн түзетін өндіріс комбинациясын табады. Өнімге төленетін баға оның шекті шығынынан (өзге фирмалардың өндіріс көлемін азайтудан түзілген құн) артық болғанда, әр фирма өндірісін ұлғайтып, пайдасын арттыра алады.[2] Сөйтіп барлық фирма бағасы шекті шығынға тең өнім мөлшерін шығарғанда, әр фирма өз пайдасын максимумге жеткізеді және өндіріліген тауарлар тіркесімінің құны да өте жоғары деңгейге көтеріледі. Өндіріс ауқымын нарықтық бағалар реттейтіндіктен, бұл шешім барлық фирмалардағы шекті пайданы шекті шығынмен теңестіру арқылы жасалады. Кей фирма өнімін арттырып, кей фирма өнімін азайту арқылы өндірілетін

тауарлар тіркесімінің құнын арттыруы мүмкін емес.

Еркіндік – үлкен артықшылық

Мен шынайы әлемде орын алуы екіталай «кемелдік» күйін сипаттап шықтым. Әлгі шектер ешқашан тепе-тең болмайды, себебі өнім шығаруға пайдаланылатын кірістермен шығатын өнім құнына әсер ететін сансыз қалаулар, жағдайлар мен технологиялар ұдайы өзгеріп тұрады. Бірақ нарықтық бағалар жаңа ахуалды хабарлау және шектерді теңестіруге бағытталған талпынысқа ынталандыру үшін үнемі өзгеріп отырады. Сонда шығарылатын өнім не қызметтің шығыны азайып, құны артады. Бұл нарықтық түзетулер барлық шешім қабылдаушыларды кез-келген мемлекеттік жоспарлаушылар тобының қолынан келе бермейтін басқалармен санасуға мәжбүрлеп, экономикалық шешімдердің құндылығын арттыру үшін әлдеқайда жақсы жұмыс жасайды.

Дегенмен нарық беретін ең үлкен артықшылық – еркіндік. Баршаның игілігі туралы пәлен көзқарасты насихаттау үшін былай жүріп-тұр деп алыстағы билік өкілі берген пәрменмен көптің ішінде сеңдей соғылысып жүргенше жеке адам өзінің құндылықтарына сай мұратына жетуге ұмтыла алады. Мысалы, бизнес иесі жағдайы нашар отбасынан шыққан жастарды жұмысқа алуды немесе ерікті жұмыспен айналысамын деп кетіп қалса, фирма пайданы максимумге жеткізбеуі мүмкін. Немесе науқас анасынан алысқа кеткісі келмеген жұмысшы жалақысы жақсы жұмыстан бас тартуы мүмкін. Адамдар осындай шешімдерді күн сайын қабылдап жатады. Оның астарындағы құндылықты саяси үдеріс арқылы жеткізу де, билік өкілдерінің оған дәл мән беруі де мүмкін емес. Дегенмен халықтың құндылықтары мен алаңдаушылықтары олардың шешімдерінің нарықтық бағаларға әсері арқылы тарайды. Сөйтіп адам өзгелер шешім қабылдағанда оның да алаңдаушылығын ескереріне сенімді болады. Сөйтіп адам өзгелер шешім қабылдағанда оның да алаңдаушылығын ескереріне сенімді болады.

Қорытынды сұрақ: Үкіметтер немесе фирмалар өнімді және құндылықты арттыру үшін жақсы жұмыс істей ме? Түсіндіріңіз.

1. Мысалы, X кірісінің 1 долларға шаққандағы шекті өнімділігі 2 данаға тең, Y кірісінің 1 долларға шаққандағы шекті өнімділігі тек 1 данаға тең болса, фирма X кірісінің қолданысын 1 долларға ұлғайтып (өнімді 2 данаға арттырып), Y кірісі қолданысын 2 долларға азайтып (өнімді 2 данаға азайтады), дәл сол өнімді 1 долларға азырақ шығынмен өндіреді. ↩

2. Бұл мәлімдеменің бір шарты бар. Егер фирма монополист болса, барлық экономикалық оқулықта жазылғандай, баға мен шекті табысы әртүрлі болады. Алайда монополия үкіметтің араласуынсыз түзілсе, мұндай «ауытқу» ұзақ мерзімде жағымды да болуы мүмкін. Фирма «монополиялық» күшіне жетуге тырысып, және ұақытша жеткенде экономиканың динамикалық тиімділігі артады. ↩

Дуайт Лидің «Нарықтар және маржинализм». Бұл материалды Экономикалық Білім Қоры Creative Commons Attribution 4.0 халықаралық лицензиясы бойынша ұсынды.